

## Қазақстан Республикасы Үкіметінің арнайы резервінен қаражат бөлу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы. 2002 жылғы 24 желтоқсан N 1358

Жамбыл облысы әкімінің "Қазақстанның Даму Банкі" жабық акционерлік қоғамының жарғылық капиталына үлестік қаражатты енгізу жөніндегі міндеттемелерінің орындалуын қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Жамбыл облысының әкіміне Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылға арналған арнайы резервінен "Қазақстанның Даму Банкі" жабық акционерлік қоғамының жарғылық капиталына үлестік қатысуға ақы төлеу үшін кассалық алшақтықты жабуға төмен тұрған бюджеттерге кредит беру үшін заңнамада белгіленген тәртіппен сыйақы ставкасын есептей отырып, 453 800 000 (төрт жүз елу үш миллион сегіз жүз мың) теңге мөлшерінде қаражат бөлінсін.

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі:

- 1) заңнамаға сәйкес Жамбыл облысының әкімімен кредит келісімін жасасуды;
- 2) бөлінген қаражаттың мақсатты пайдаланылуын бақылауды қамтамасыз етсін.
3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*